




Түркістан облысы
Отырар ауданы
«Бибі- Ажар» бөбекжай- балабақшасы ЖШС

Тақырыбы: «Алтын күз»
атты ертеңгілігі

«Ертөстік» ересек топ
Тәрбиеші: И.Алтеева
Н.Тұрғанбай



2022-2023 оқу жылы

Бекітемін:
«Биби-Алдар» ЖШС бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.М. Аманбаева



Күні: 17.11.2022 жыл

Тобы: «Ертөстік»

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындару, мерекелік көңіл – күй орнату. Балалар ән салуға, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген. Әдемі ән ойналып тұрады. Бүлдіршіндер тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады.

Жүргізуші:

Қарсы алайық бәріміз,

Жасымызбен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып.

Алтын күз бізге нұр берін.

Армысыздар құрметті ата-аналар, және «Ертөстік» тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер. Ел байлығын арттырған, сары алтындар сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады.

Ендеше «Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Алтын күз, жаңбырлы күз,

Жомарт күз, суығына шыдайтын,

Сұлулығына көз тоймайтын,

Алтын күздің тойында.

Балалар хормен:

Шаршауды білмейміз,

Көңілді би билейміз.

Әсем сазды ән салып.

Би билеуге дайынбыз.

Жүргізуші:

Қызыл, жасыл, сары, алтындай,

Жапырақтар күздің көркі

Ән салайық, би билейік

Күз әніне қосыла – деп сіздердің құрметтеріңізге

«» әнін тыңдаңыздар.

Жүргізуші:

Балдырғандар бүгінгі,
Еркелігін тастайды,
Күз туралы сіздерге.

Тақпақтарын бастайды - деп өлең шумақтарына кезек береміз.

Тақпақтар:

Нұрасыл:

Қызығымен ойынның,
Күзде келіп жетті.
Жапырағы қайыңның
Тез сарғайып кетіпті.

Алихан:

Күз келді, күз келді.
Жапырақтар солы енді,
Жерге түсті мамық болып,
Айнала кілемге төселді.

Ерке:

Жапырақтар түске кез,
Жеміс-жидек піскен кез.
Алтын дария егінді.
Күзіміз неткен көңілді.

Алинұр:

Думан толы асқарлы,
Күз мезгілі басталды.
Күз әуені кеп жетті,
Әнге бөлеп жастарды.

Хансұлтан:

Нұрға бөлеп өмірді,
Жырға бөлеп көңілді.
Жарқыраған сәулелі,
Күз әуені төгілді.

Мереке:

Жұлдыз туып таң алды,

Әнге орап ғаламды.

Сазды әуен шаттыққа,

Бөледі бар адамды.

Алпамыс:

Әуенге еріп сиқырлы,

Айтылды ән боп сыр қилы.

Күзгі әуен жастардың

Жүрегіне нұр құйды.

Нұртөре:

Сарғайды тоғай,

Сап - сары маңай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Нүртілеу:

Күздің қазан айында,

Алма, алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,

Сыбдыр - сыбдыр түседі.

Жүргізуші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, сендер бұл жұмбақтың шешуін тапсаңдар біздің көптен күткен қонағымыз келеді. Ендеше сендер дайынсындарма.

Балалар: Әрине дайынбыз.

Жүргізуші:

Көк майсалы көрікті,

Алқап тола көп егін.

Бұл күндері киіпті,

Сары жібек көйлегін. (Күз)

Жүргізуші: Бізге балалар кел келеді.

Балалар: Біз сізді күтеміз алтын күз.

Күз ханшайымы келеді.

Күз ханшайым:

Сәлеметсіңдерме? Балалар, сендер бүгін қандай әдемі болып кеткенсіңдер.

Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

Жүргізуші: Сәлеметсізбе? Күз ханшайымы келіңіз, төрлетіңіз біздің өнерлі балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.

Ал, балалар өнерімізді көрсетуге дайынбызба?

Жүргізуші: «Хор»

Күз ханшайымы: Рақмет балалар мен бүгін сендердің өнерлеріңді тамашалап шаршағанымды басып қайтайын.

Жүргізуші: Такпартар

Сымбат:

Шоғы толған гүлдей жайнап
Жарқырады Алтын күз
Сайрандап күліп ойнап
Келіп кетті қыркүйек

Айдай:

Қазан айы молшылық
Дәулет қорын қалады
Заңғар көкке қол созып
Құстар ұшып барады

Айшабибі:

Құстар қайтты қыс болды
Сұр бұлт жапты аспанды
Жапырақ түсіп, гүл солды
Қараша ызғары басталды

Айша:

Күздің қазан айында,
Алма, алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр - сыбдыр түседі.

Ердәулет:

Сарғайды тоғай,
Сап - сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Би: «Аралар»


Жүргізуші: Енді біз балаларымыздың қол өнерлерімізді және қолдан тігілген көйлектерін тамашалайық. Күз ханшайымы өзіңіз көріп бағалап жіберіңіз.

Күз ханшайымы: Жарайсындар, барлықтарыңның өнерлерің тамаша екен .

Би: «Көкеністер»







Түркістан облысы

Отырар ауданы

ЖШС «Бибі- Ажар» бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы: «Ана деген тіршіліктің тірегі»
атты ертеңгілігі

«Алтын сақа» ортаңғы топ

Тәрбиеші: Алтеева И.С
Жусипова А.Б

2023-2024 оқу жыл

Бекітемін:
«Бибі-Ажар» ЖШС бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.М. Аманбаева



Күні: 07.03.2024 ж

Тобы: «Алтын сақа» ортаңғы топ

Тақырыбы: «Ана деген тіршіліктің тірегі»

Жүргізуші: Бір ғана емес, қадір тұтқан бабалар,

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар қасиетті аналар!

Қайырлы күн, қымбатты ата- аналар, әріптестер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұрын құйып, тағы да 8- наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Аналарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасымыздың тірегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы, - дей келе бүгінгі «Алтын сақа» ортаңғы тобымыздың «Ана деген тіршіліктің тірегі» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Олай болса ендігі кезекті балаларымыздың тақпағына берейік.

Фатима:

Аналарды сүйеміз,

Ақылын ойға түземіз.

Әжені де ардақтап,

Әдеппен бас иеміз.

Балназым:

Шай қайнатып келейін.

Шекер салып, жан әжем.

Өзім құйып берейін,

Балдай тәтті, бал әжем.

Бекнұр:

Ана біздің күніміз,

Ананың біз гүліміз.

Балаларды қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Аруна:

Мен анамды сүйемін,

Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды,
Қуантсам деп келемін.

Хадиша:

Қуанамыз сыйлаймыз,
Қуаныштың мың гүлін.
Аналарды құттықтап,
Жырдан шашу арнаймыз.

Жүргізуші:

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуге.

Би: «Өзбек» биі

Жүргізуші: Балалар бізге осы мезгілінде жайнатып жүрген көктемді ортаға шақырайық.

Балалар: Көктем, көктем

Көктем: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Міне келдім табиғатты оятып.
Күн күркірі нөсерімен тоя түп,
Ағаштардың тамырына қан жүрді.
Жапырағын жасыл түске боятып,
Қандай әдемі болып кеткенсіңдер.

Жүргізуші: Сәлеметсіңбе ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

Көктем: сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Балалар: Көктем мерекесін, аналарымыздың, аруларымыздың мерекесін тойлап жатырмыз.

Көктем: Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

Балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік.

Марғұлан:

Тірегі болып жүремін,
Бірге еріп жүремін.
Жанашырым жанымда,
Тек әжем деп білемін.

Жанерке:

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Думан:

Баланыңда тірегі,
Даланыңда тілегі.
Ауырмасын ешқашан,
Анамыздың жүрегі.

Айкөркем:

Әжем менің әйбат,
Ешкім оған жетпейді.
Күні бойы бірге ойнап ,
Жанымнан бір кетпейді.

Аяжан:

Мені жақсы көреді,
Күндей күліп келеді.
Көп ертегі біледі,
Маған айтып береді.

Жүргізуші: Мың бұралып билеген,
Аруды кім сүймеген.
Күміс көмей аруларға,
Кімдер басын имеген.

Би: «Үнді» биі

Би: «Гүлдер» биі

Жүргізуші: Аналармен ойын

Ойын: «Менің баламды қалай еркелетемін»

Жүргізуші: Былдырлаған тәтті қимылымен кішкентай балапандарымыздың биіне кезек берейік.

Би: «Аспаз» биі

Жүргізуші: Мерекемізді аяқтамай тұрып «Бибі-Ажар» бөбекжай- балабақшамыз меңгерушісі Аманбаева Динара Маратовнаға сөз кезегін берсек деп едік.

«Ана деген тіршіліктің тірегі» атты мерекеміз аяқталды. Қымбатт да аяулы аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз ашық болсын, әрқашан аман болайық!

The page is framed by a decorative border of pink tulips with green leaves, set against a light pink background.

Түркістан облысы
Отырар ауданы
«Бибі- Ажар» бөбекжай- балабақшасы ЖШС

Тақырыбы: «Аяулы анашым»
атты ертеңгілігі

Тәрбиеші: Бейсенбай К.
Зұлпыхарқызы А.

2023-2024 оқу жылы



Күні: 06.03.2024ж

Тобы: «Ертөстік»

Тақырыбы: «Аяулы анашым»

Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналарды мерекемен құттықтау, балаларды мейірімділікке тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.

Жүргізуші: Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар.

Қайырлы күн, қымбатты ұстаз-аналар, арулар. Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8-наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі.

Десек те уақытпенен жарыспайды,

Қияға қиялменен қарыштайды.

Шәкірттер шын жүректен тебіреніп,

Өнерлерін анаға бағыштайды, - дей келе ортамызға «Ертөстік» тобының бүлдіршіндерін шақырамыз.

(Музыка ырғағымен залға балалар кіреді.)

Хор: «Ана»

(Музыка әуенімен залға гүлдер шашып Көктем кіреді.)

Көктем: Армысыздар балақайлар,

Әзиз әже, назды апайлар.

Мол шуақты ала келдім,

Қуаныңдар балақайлар.

Мен құлпырған көктеммін,

Келіп жеттім мейраммен.

Шаттаныңдар мейірімді аналар,

Бұл мейрам сіздер үшін арналар.

Жүргізуші: Рахмет, сізге Көктем біздің балалар сізге сыйлық ретінде дайындаған тақпақ - әндері мен билері де бар.

Бұралып қыздар билегенде,
Шығыстың асқақа әні тербегенде.

Қол соқпай дәті шыдап тұра алар,
Құрбылар айтыңдаршы қандай адам,- дей отырып келесі кезекте
қыздарымыздың биіне береміз.

Би: «Көктем»

Жүргізуші: Бүгін наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз адамның,
Анаға айтар лебізі.

Балардың тақпақтары:

Төрежан:

Құтты болсын ақ анам,
Сегізінші наурызың.
Қасымда бол әрқашан,
Тілейді бақыт бір саған.

Мәншүк:

Теңдесі жоқ данасың,
Арқа сүйер панасың.
Еңбегіңді ақтаймын,
Аман болшы анашым.

Наурыз:

Менің әжем, гүл әжем,
Алтын әжем, күн әжем.
Анам үшін мен үшін,
Нағыз ана тілі әжем.

Аяла Н:

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім,
Қартаймашы анашым.

Шәкәрім:

Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.

Аналардан тарайды,
Біздің ана тіліміз.

Айкөркем:

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ анам.

Раяна:

Аппақ мамам, ақ мамам,
«Ақ мамам» деп мақтанам.
Түн ұйқыңды төрт бөліп,
«Бөпешім» деп жатпаған.

Жүргізуші: Ән айтылса ұйып тыңда жаныңмен,
Ән айтпақшы Төрежан ұлдарыңыз сіздерге.
Өшпес ыстық алаулаған жалынмен, - дей келе «Аяулы анашым» әнін
қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Ендігі кезекті биіге береміз.

Би: «Орыс»

Жүргізуші: Ана деген бастауы ұлылықтың,
Ана деген рәмізі сұлулықтың.
Ана деген бір жыр бар шырқалатын,
Асқақататар биікте ұрпақ атын.

Балардың тақпақтары:

Нұртөре:

Бәріңіз де анасың,
Біз үшін күн болып жанасың.
Құтты болсын мейрамың,
Құттықтаймын анашым.

Іңкәр:

Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнімде,
Арнадым саған бәрін де.

Данияр:

Сенен өскен балалар,

Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті аналар.

Айсель:

Ақ мамамды әрқашан,
Сағынамын силаймын .
Мейрам сайын мен оған,
Түрлі сыйлық силаймын.

Айбар:

Ақ сүт берген балаңа,
Күш жігерін жұмсаған.
Бұл өмірде жан ана,
Тең келеді кім саған.

Айару:

Ана біздің гүліміз,
Ана біздің күніміз.
Бізді ана қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Азамат:

Мен анамды сүйемін,
Сөзін ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды ойға түйемін.

Аяла Н:

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым .
Менің саған тілегім,
Қартаймашы анашым.

Аянат:

Бесіктерін әнімен,
Тербетуде аналар.
Жасай берсін сәнімен,
Жер бетінде аналар.

Ойын: «Кім жылдам»

Жүргізуші: Теңіздей тербетіліп көл бетінде,

Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуде,- дей отырып келесі кезекте өзбек биіне
кезек береміз.

Би: «Өзбек»

Жүргізуші: Олай болса Айсель қызды қарсы алайық,
Даусына сүйсініп тамсанайық.
Ерке қыздың талантына тәнті болып,
Уа,халайық,жұмыла қол соғайық.

Ән: «Анашым»

Жүргізуші: Ару-ана өмірдің асылдары,
Жайнасын көңілімнің жасыл бағы.
Сендер үшін ән мен жыр шырқалуда,
Сендер үшін мереке шашулары.

Ән: «Анашым қартаймашы» орындайтын Қолдасбек Бекзат

Жүргізуші: Ана - барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің
қайнар бұлағы. Қазақ әйелінің дастарханы тоқ, қонағы ырза, дүниесі түгел.Олар
үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады. Бөбегін бесікке бөлеп, әлдилеп
аялаған ана бақыт құшағында емеспе!

Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,

Жүрегіңе, жүрегімді жалғадым.

Өзің мына сиған берген өмірде,

Ақ сүтіңді ақтап өту- арманым.

Барша ана, құтты болсын мерекеңіз,


Әрқашанда ана сізбен берекеміз.

Ақтасақ ақ сүтіңді,асыл анам,

Сонда біз кісілікке теңесеміз.

Құрметті қонақтар, біздің бүгінгі шағын ғана мерекелік кешіміз өз мәресіне
жетті. Шуақты күндерде кесдескенше.





Түркістан облысы

Отырар ауданы

«Бибі-Ажар» бөбекжай - балабақшасы ЖШС

Тақырыбы: «Төрлет төрлет, Жаңа жыл»

атты ертеңгілік

«Ертөстік» ересек топ

Тәрбиешісі: Алтеева И.С

Зұлпыхарқызы А

2024-2025 оқу жыл



Күні: 26.12.2024 жыл

Тобы: «Ертөстік» ересек топ

Тақырыбы: «Төрлет, төрлет Жаңа жыл»

Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұматты жетілдіру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір-біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Жаңа жылдық көрініс, ертегі кейікерлері, ойын құралдары

Әдіс-тәсілдері: Ән айту, би билеу, Жаңа жыл мерекесіне орай безендірілген залға музыка ырғағымен сәнді киінген балалар залға кіреді.

(Мерекелік әуен ойналып балалар кіреді)

Жүргізуші: Құрметті қонақтар қош келдіңіздер!

Барлығыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз!

Әрбір адам Жаңа жылдан жаңалық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып, әрбір отбасында арман тілектер орындалсын.

Қош келдің бүгінгі кешімізге,

Жаңа табыс тілейік ісімізге.

Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,

Мына отырған бәрімізге.

Бүгінгі «Ертөстік» тобының дайындаған «Төрлет, төрлет Жаңа жыл» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Жүргізуші: Балалар, айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?

Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайықшы .

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау-у-у-у-у

Мыстан кемпір: - Пай, пай пай.

Мені шақырдыңдарма? - деп сыпырғысымен ұшып келеді.

Жүргізуші: Мыстан апа, сізді ешкім шақырған жоқ.

Мыстан кемпір: Қалай шақырмадыңдар. Менің құлағым сонда дұрыс естімейді дейсіндерма?

Жүргізуші: Жоқ, жоқ біз Аяз Атамызды шырша тойға шақырып едік.

Мыстан кемпір: Шырша тойы, мына шырша бола ма? Ендеше мен оны түбінен қопарып алып кетемін.....

Жүргізуші: Тоқтаңыз, тоқтаңыз сіз сондай керемет жансыз. Оныңыз не?

Мыстан кемпір: Жарайды , жарайды, шыршаларыңа тимеймін. Бірақ сендерге қояр шартым бар. Орындайсыңдарма?

Жүргізуші: Орындаймыз?..

Мыстан кемпір: Онда сендерге жұмбақ жасырамын.

Қыста ғана болады.

Ұстасаң қолың тоңады.

Қыста мініп аласың,

Жазда іліп қоясың.

Ормандағы ең сұлу керемет қыз?

Жүргізуші: Осымен болдыма.

Мыстан кемпір: Жоқ, менде сендермен шыршаны тойлағым келіп тұр.

Жүргізуші: Ал, балалар Аяз Атамызды шақырайық.

Балалар: Аяз ата!

Аяз Ата: Құтты болсын, балалар,

Келген Жаңа Жылдарың.

Алаңдамай өсіңдер,

Еркелеп қыз, ұлдарым.

Өткен жылы келіп ем,

Бәріңді де көріп ем.

Жыл өткізіп келем деп,

Уәдемді беріп ем.

Ойларың мен бойларыңда,

Бірдей өсіп қалдыңдарма?

Ал, мен кіммін айтыңдаршы,

Мені тани алдыңдар ма?

Ақша қар: - Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды,

Ақшарқармын арайлы.

Жалт –жұлт еткен жүзімнен,

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын,

Қалай тыныш жатпақпын.

Менсіз қыстың сәні жоқ,

Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, баршаңызда алыс жолдан келдіңіздер.

Әсем әні де, биі де бар.

Отырыңыз ата дем алыңыз.

Жүргізуші: Ал, балалар шыршамыздың шамын бірге жағайықшы.

Шырша шамын жағайық,

Жаңа жыл тойын ашайық

Бәріміз: Қуант, бізді, таңырқат.

Шамдарыңды жарқырат!

Хор: «Шыршаға бардық»

Жүргізуші: Ендігі кезегімізді балаларымыздың тақпақтарына берсек.

Бекнұр:

Сақалы аппақ күмістей,
Тістері аппақ күріштей.
Нұр жайнаған ажары,
Сағындық Аяз атаны.

Марғұлан:

Ән саламыз, би билеп,
Жырдан шашу төгілді.
Бүгін біздің Жаңа жыл,
Қандай қызық көңілді.

Сұлтан:

Көрдің бе Аяз атаны,
Аппақ екен сақалы?
Аппақ екен мұрты да,
Аппақ екен шапаны.

Нұрасыл:

Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып .
Мерекеге келгендерді,
Құттықтаймыз ән салып.

Әні: орындайтын Базархан Айдай «Жаңа жыл»

Жүргізуші: Әуеледі әніміз.

Жаңа кірді сәніміз,
Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз.

Ұлдар биі: «Пират»

Жүргізуші: тағы енді біздің балаларымыздың тақпақтарына берейік.

Айбатыр:

Аппақ тонға оранып ,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оранып.

Тәуекел:

Кел, балалар, тақпақты.
Тақылдатып айтайық,
Аяз ата таң қалсын.

Сыйлық алып қайтайық.

Шәкәрім:

Қыс келгенде далама,
Қызығып тек тұрамыз.
Ат жегіп алып шанама,
Аппақ қармен зырлаймыз.

Жігер:

Қорықпаймыз аяздан,
Шымшыса да бетімді.
Аппақ қарды кешеміз,
Киіп алып етікті.

Бақтияр:

Қыстың күні көңілді.
Көп қызықты көреміз,
Шығып алып далаға,
Сырғанақ тебеміз.

Жүргізуші: Қыздар биі «Испан»

Аяз ата: Жарайсындар, балалар өнерлі екенсіңдер!

Жүргізуші: Өнге кезек берсек.

Әли Бекнұрдың орындауында «Аққала»

Жүргізуші: Тақпаққа кезек берсек.

Балназым:

Әдемілеп біз ілген.
Ойыншықтар тізілген,
Қандай жақсы шыршамыз.
Ән шырқайық баршамыз.

Хадиша:

Жаңа жыл, Жаңа жыл.
Жаңа жылда жаңа жыр,
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

Айсель:

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Аяла:

Дала нұр, қала нұр,
Құтты болсын, Жаңа жыл.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

Айдай:

Даламызға қаламызға,
Жаңа жыл келіп кіреді.
Қартыңызға, жалпыңызға,
Жалынды сәлем береді.

Бибі:

Тамаша, тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Жаңа жылда ертегі,
Келе ме біздің бақшаға.

Жанерке:

Шанамызға мінеміз,
Мәз- мейрам боп жүреміз.
Жарысамыз бәріміз,
Жарасып тұр сәніміз.

Ата-аналармен ойын: (оралған қағаздың ішіндегі әріпке тілек айту)

Жүргізуші: Қыздар «Шырша»

Ақшақар: Ой, жарайсындар неткен керемет .

(Қараңдаршы шыршаның түбінде жатқан үлкен сыйлықты алып келеді)

Ақшақар: Қараңдаршы балалар, Аяз ата сендерге қандай керемет сыйлықтар алып келген. Жаңа жыл деген ғажайыпқа толы мереке ғой! Барлық балалар бұл мерекені жақсы көреді.

Аяз ата: Ал, кәне, балалар сендерге сыйлығым бар,
Аталарыңның сыйлығын .
Қуанып қабыл алыңдар!

Жүргізуші: Біз өнерлі баламыз,
Ертең-ақ өсіп толамыз.
Атамыздың сыйлығын.
Рахмет айтып аламыз.

Аяз ата: Ал, балаларым тағыда жаңа жыл құтты болсын. Енді біздіңде қайтатын уақытымызда болып қалды. Себебі, өздерің секілді балалар өнерлерін дайындап, сыйлықтарын алуға асығып отырған болар. Келесі жылы кездескенше қош сау болыңдар!

Балалар: Сау болыңыздар!

Жүргізуші: Би –биледік , жыр – жырладық,
Қызығына тоймаадық,
Достарменен ойнадық,
Жаңа жылды думандатып тойладық!

Ал, құметті қонақтар осымен мерекелік ертеңгілігімізді «Ақшақар» - әнімізбен аяқтаймыз. Келесі мерекеде кездескенше қош- сау болыңыздар!

Хор: «Ақшақар»



Түркістан облысы

Отырар ауданы

ЖШС «Бибі- Ажар» бөбекжай- балабақшасы

Тақырыбы: «Арайлы –Алтын күз»

атты ертеңгілігі

«Ертөстік» ересек топ

Тәрбиеші: Бейсенбай К.

Зұлпыхарқызы А.

2023-2024 оқу жыл

Бекітемін:
«Бибі-Ажар» ЖШС бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.М. Аманбаева



Күні: 08.11.2023ж

Тобы: «Ертөстік» ересек топ

Тақырыбы: «Арайлы алтын күз»

Мақсаты: Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән салу, би билеуге деген ынталарын арттыру. Зал мерекеге сай безендірілген. Әдемі ән ойнап тұрады. Бүлдіршіндер, тәрбиешімен бірге кіріп орындықтарға жайғасады.

Көрнекілік: Әсем безендірілген әдемі зал. Күз мезгіліне арналған қол өнерлер.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата-аналар!

Армысыздар, балабақша ұжымы!

Міне, туған өлкемізге алуан түсті жапырақтарын төгіп күз мезгілі келді. Ендеше, соның дәлелі біздің «Бибі-Ажар» бөбекжай-балабақшасы «Ертөстік» тобының жарық жұлдыздарын шақырайық.

«Арайлы -Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Алтын күз мерекесі құтты болсын!

Жомарт күздің берер сыйы көп болсын!

-Балалар жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі.

-Күз мезгіліне арналған жаттауларымызды айтып бересіңдер ме?

Айсель:

Күзім-ау, күзім-ау,

Мінезің бұзық-ау.

Жаңбыр болып сіркіреп,

Келгенің қызық-ау.

Жұлдыз:

Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді .

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

Нұртөре:

Алақай, алақай !

Шаттанды балағай!

Күз түсті дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Тұрсынбек:

Сап- сары маңай,
Сап-сары тоғай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

Жүргізуші: Ал, балалар кезекті әнімізді айтып берейік.

Хор: «Тамшылар»

Жүргізуші: Балалар күз мезгіліне бізге қонаққа кім келеді?

Балалар: Күз ханшайымы.

Жүргізуші: Қанекей, біз онда Күз ханшайымын шақырайық.

Келші, келші, Алтын күз!
Келші, келші, Жарқын күз!
Мерекені жалғастырып,
Ойнап күлші Алтын күз!

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме? Балалар, Қалдарың қалай? Мен күз ханшайымы боламын. Сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім, сендерді көргеніме қуаныштымын. Сендерге бір жұмбақ жасырайын:

Ағайынды бәрі,
Шықса-жасыл

Түссе-сары. Бұл не? (Жапырақ)

Дұрыс таптыңдар жарайсыңдар, балалар. Мен сендерге сыйлықтарымды ала келдім, сендер өнер көрсетесіңдер ме?

Жүргізуші: Қане, балалар Күз ханшайымына өз өнерімізді көрсетейік.

«Ертөстік» ересек тобының биші ұл-қыздарын ортаға шақырайық.

Би: «Вальс»

Жүргізуші: Ендігі кезекте жаттауымызға кезек берейік.

Күз ханшайымы: Өте тамаша, Өркендерің өссін.

Жаттау:

Шәкәрім:

Жапырақ ұшты,
Суықта түсті.
Сонда да, бізге,
Қызық көп бізге.

Айкөркем:

Күздің қазан айында,
Алма, алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып ,
Сыбдыр, сыбдыр етеді.

Бекдияр:

Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет тамаша,
Қандай әсем күз.

Бекзат:

Қараша күз келді, күз келді,
Жапырақ жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді.
Қара бұлт қабағын түйеді.

Жүргізуші: Балалар бәріміз күзгі әнімізді айтайық.

Хор: Күзгі жапырақтар.

Жаттау:

Наурыз:

Жемісін мол теретін,
Күз дос екен бізбенен.
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген.

Айбар:

Думан толы асқарлы,
Күз мезгілі басталды.
Күз әуені кеп жетті,
Әнге бөлеп жастарды.

Данияр:

Көрініп еліме,
Күндерім мереке.
Келді ғой жеріме,
Күз дейін мереке.

Азамат:

Жердің көркі қашады,
Таулардан бұлт асады.
Қайтып күннің қызуы,
Шөпті қырау басады.

Жүргізуші: Қызыл сары алтындай
Ән салайық билейік
Би әніне қосыла - деп бүлдіршіндеріміздің биін қарсы
алыңыздар.

Би: «Аралар»

Жүргізуші: Балалар бүгін еркелігін тастайды
Күз туралы сіздерге
Тақпақтарын бастайды, ендеше балалардың жаттауына кезек
берейік.

Раяна: Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Заңғар: Қараша күз келді, күз келді.
Жапырақ жауыпты түзеді,
Құс біткен керуен түзеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.

Жүргізуші: Ұлдарымыздың биін тамашалаңыздар .

Би: «Қырманға кел»

Жүргізуші:

Бүгінгі кеш өтіп жатыр өз мәнімен,
Әрбір бөбек әсем болар өз сәнімен.
Күз сәні өнерімен ортаға шығып,
Сән көрсетер ортаға шығып бүлдіршіндер – деп,

Біздің қыздарымыз аналары тіккен күздік киім үлгілерін көрсетпекші.
Ендеше, «Алтын күз 2023» күзгі сән үлгісін ортаға шақырамыз! Қарсы
алыңыздар!

Жаттау:

Акерке : Күздің қазан айында,
Алма, алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр, сыбдыр түседі.

Мәншүк: Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып-теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз.

Айару: Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет тамаша,
Қандай әсем күз.

Жүргізуші: Қыздарымыздың қол өнерлерін қарсы алыңыздар.
Анасымен қолдан жасаған дәмдерін таныстыру.

Күз ханшайымы: Керемет! Қандай тамаша! Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын кезім келді. Мен енді кетейін, келесі кездескенше!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, Ата-аналар, Бүгінгі мерекені қортындылай отырып, «Арайлы-Алтын күз» атты ертеңгілігімізге белсене қатысқан бүлдіршіндерімізді марапаттау үшін балабақшамыздың құрылтайшысы Бексұлтан Шарипа Махашқызына сөз кезегін береміз.



Түркістан облысы
Отырар ауданы
«Бибі- Ажар» бөбекжай- балабақшасы ЖШС

Тақырыбы: «Армысың Өз-Наурыз!»
(атты мерекелік іс-шара)

«Ертөстік» ересек топ
тәрбиешілері: К.Бейсенбай
А.Зұлпыхарқызы

«Алтын сақа» ортаңғы топ
тәрбиешілері: И.Алтеева.
А.Жусипова

2023-2024 оқу жылы



Бекітемін:
«Биби-Ажар» ЖШС бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.М. Аманбаева

Күні: 28.03.2024 ж

Тобы: «Ертөстік» ересек топ, «Алтын сақа» ортаңғы топ

Тақырыбы: «Армысың, Әз-Наурыз!»

Мақсаты: Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту.

Көрнекілік: Плакаттар, нақыл сөздер.

Жүргізуші: Құрметті, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалады.

Наурыз құтты болсын! Ұлыстың Ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді боп, тілектеріңіз қабыл боп, жаңа жылда, жаңа үміт, жаңа тіршілікпен, осы ұлыстың ұлы күнінде елімізге, жерімізге Наурызымыз есігін қуанышпен ашсын. Барлық жақсы ниет-тілектеріңіз қабыл болсын! ЖШС «Биби-Ажар» бөбекжай-балабақшасының тәрбиленушілері мен ұжымның дайындаған «Армысың, Әз- Наурыз!» атты мерекелік кешіне қош келдіңіздер!

Жүргізуші:

Наурыз келді ал тойландар жараңдар,

Келген мына мерекеге қараңдар.

Шашу шашып ақ жаулықты әжелер.

Тойда бүгін ойнап күліп тараңдар,

Тойла бүгін тауларым мен бозбалам.

Тойла бүгін қарттарым мен бозбалам.

Қайта оралған намысымдай наурызым,

Жаңа жыл боп қош келіпсің наурызым.

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұл күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтан да халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр.

Би: «Ертөстік» ересек топ қыздарының «Қамажай» биін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Келесі кезекті тапқақтарға береміз.

Нұртөре:

Наурыз шаттық әніміз,

Салтанатты сәніміз.

Ән саламыз бәріміз,

Би билейміз бәріміз.

Мәншүк:

Наурыз айы- гүл айы,

Наурыз айы – нұр айы.

Наурыз айда халқымның,

Құлпыра түсер шырайы.

Айсель:

Наурыз келді еліме,
Наурыз келді жеріме.
Байлық, бақыт тілеймін,
Бүкіл қазақ еліне.

Т. Айбар:

Наурыз келді алақай,
Кел билейік балабақай.
Бізде қарап тұрмайық.
Тойға шашу шашайық!

Азамат:

Алақай-ау, алақай!
Наурыз келді, балақай!
Халық тойды тойлайды,
Әсем әнге салады-ай!

Айару:

Наурызды халқымыз,
Жыл басы деп санайды.
Көнермеген салтымыз,
Көп елдерге тарайды.

З. Раяна:

Ашылды да кебеже,
Дәм әзірлеу басталды.
Әжем наурыз көжеге,
Жеті түрлі ас салды.

Төрежан:

Уа, халайық, халайық!
Әсем әнге салайық.
Наурыз тойын көңілді,
Бірге қарсы алайық.

Жүргізуші: Ой балалар жарайсындар, бәрекелді!

Қуаныш бақ тілеп еліме,
Мереке құт тілеп жеріме.

Әлемді аралап шарқ ұрып,

Келдің бе Әз бабам төріме, - деп біздің наурыз мейрамымызға алыстан ат терлетіп Қыдыр атамыз келіп қалыпты.

Қыдыр ата: Армысыздар жамағат,

Ұлыс оң болсын.

Ақ мол болсын,

Қайда барса жол болсын.

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын.

Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін!

Ұлыс халқым тоқ болсын!

Көйлектерің көк болсын!

Қайғы- уайым жоқ болсын!

Қуаныштарың көп болсын!

Жүргізуші: Қыдыр ата, қош келдің, рахмет, тілегіңіз қабыл болсын, бүгінгі осы мерекенің қадірменді қонағы болыңыз.

Жүргізуші: Наурыз тойды бастайыз. Бимен оны қостаймыз.

Би: Ересек тобының «**Шабандоздар**» биін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Кел, балалар ойнайық,

Ойнайық та, көңілімізді көтерейік.

Ойын: «Орамал тастау» Қызымызды ортаға шақырайық. Ұлдарымыз музыка әуенімен атпен шабады. Музыка тоқтағанда, қызымыз орамалды ортаға тастайды, ал ұлдар жерге түсірмей қағып алу керек. Қағып алған бала қыздың бетінен сүйеді.

Би: «Алтын сақа» тобының ұлдарының «**Батырлар**» биін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Ой, жарайсыңдар өнерлерің өрге домаласын.

Жүргізуші: Ортамызда ашайық,

Ән мен күйді төгіп біз.

Інжу маржан шашайық,

Әжелеріміздің ән шауын қабыл алайық.

Ән: «Сәулем-ай»

Жүргізуші: Наурыз әндерін шырқайық,

Өнер жасқа лайық.

Өлеңдеткен жастардың,

Әсем әнін тыңдайық!

Ән: «Ертөстік» тобының тәрбиеленуші Мұратхан Төрежанның «Самға Қазақ» әнін қабылалыңыздар.

Жүргізуші: Халқымыздың ежелден келе жатқан бұл төл өнері бүгінгі ұрпақ бойында да өз жалғасын табуда. Осындай тамаша өнерді жалғастыру өз парызымыз деп түсінген кішкентай бүлдіршіндеріміздің биін қарсы алыңыздар.

Би: «Алтын сақа» тобының кішкентай қыздарының «**Киіз басу**» биін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, келіндер қыздар «**Қазақ биі**» биін билеп берейік.

«**Алтын сақа**» тобының қыздары.

Наурызым төрлет бері!

Қыр төсін жауқазындай өрнектеді.

Тіршілік тамырына нәр жүгіріп.

Жадырады адамдардың келбеттері,

Қош келдіңіздер батыр жігіттер мен кербез сұлуылардың билері.

Би: «**Ертөстік**» тобының бүлдіршіндерінің «**Қара жорға**» биін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар.

Ойын: «Арқан тартыс» Ертөстік тобының ұлдары.

Ортамызға келген Жаңа жыл құтты болсын қазағым! Наурыз шашуы жұғысты болсын!

Шашу! Шашу! Шашу!

Наурыз көжеден дәм татыңыздар!

«Жаңбырменен жер көгерер, Батаменен ел көгерер» дегендей .

Үлкен кісілерден Бата сұрайық.

Жүргізуші: Ал, халайық, тұрмайық,

Әндетейік жырлайық!

Ортамызды ашайық,

Ырыс тілеп бұл жылға,
Жырдан шашу шашайық!
Ән: «» Зұлпыхар Раяна

Жүргізуші: Құрметті Ата-аналар, қонақтар. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған «Армысың әз Наурыз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет.





Түркістан облысы
Отырар ауданы
«Бибі- Ажар» бөбекжай- балабақшасы ЖШС

Тақырыбы: «Жұлдызды түлек 2024»
атты балабақшамен қоштасу кеші

Тәрбиешілер: Бейсенбай К.
Зұлпыхарқызы А.

2023-2024 оқу жылы



Бекітемін:

«Биби-Ажар» ЖШС бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.М. Аманбаева

Күні: 29.05.2024 жыл

Тобы: «Ертөстік»

Тақырыбы: «Жұлдызды түлек 2024»

Мақсаты: Балалардың мерекелік көңіл – күйін қалыптастыру. Балабақша, мектеп туралы өлең шумақтар, әндер айтқызу арқылы балалардың тілдерін дамыту. Көріністер арқылы мектепке дайындығын тексеру. Балалардың бір жылда алған білімдерін тианақтау. Оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Көрнекілік: Әсем безендірілген музыка залы. Ойынға қажет мектеп құралдары.

Тәрбиеші: Армысыздар жиналған көп қауымдас.

Той жиынсыз өмірдің мәні болмас,
Бақшамыздан талпынып канат қақты.
Төрт жылда оң, солын таныған жас,
Жас жүректің өмірлік құштары гүл.
Тәрбиешілер баулыған құстары бұл,
Қоштасып бүгінгі күн бақшаменен.
Сол құстардың бәріде ұшқалы тұр,

Қымбатты қонақтар, ата-аналар, балабақша қызметкерлері! Бүгін бізде үлкен мереке. Яғни, бұл мереке қуанышымен қызығы мол балалардың «Балабақшасымен қоштасу» мерекесі. Олай болса, бүгінгі кешімізді бастаймыз.

Ұшырып көкірегімнен жыр кептерін,
Мерекең құтты болсын түлектерім.

Қол соғып ортамызға шақырайық,
Бүгінгі мерекенің шынайы кейіпкерлерін, – дей отырып балабақшамен қоштасатын «Ертөстік» ересек тобының сүйікті бүлдіршіндерін ортаға шақырайық. (Балалар кіріп өз орындарына келіп тұрады)

Тәрбиеші: Құрметті балабақша ұжымы 4 жыл бірге жүріп, тәрбиелеп мәпелеп өсірген балаларымыз сіздерге деген өздерінің ризашылығын білдіргелі келіп отыр.

Айкөркем

Гүлдендірген бақшаны,
Меңгеруші апай жақсы адам.
Сондықтанда біз үшін,
Артықсыз сіз басқадан.
Динара Аманбаеваға мың алғыс.

Аянат

Жайдары жүз, ай қабақ.
Жүреді бізді аймалап,
Тобымызға жиі кеп,
Білгенінді сұрайтын,

Ақыл айтып тұратын,
Индира апайға көп рахмет.

Нұртөре

Денсаулыққа болаттай,
Ауруларды жолатпай.
Күнде болған әбдігер,
Қамқоршымыз дәрігер.
Дәрігер апайға көп рахмет.

Азамат

Тәтті тағам пісірген,
Айран сүтін ішкізген.
Ақсауле Жанат апайлар,
Сіздерге мың алғыс.

Мәншүк

Жазу жазып үйреткен,
Әріптерді оқытқан.
Санамақты жаттатып,
Санауды бізге үйреткен.
Жақсы болсақ қуанған,
Қате болсақ кешірген.
Әсел апайға,
Айтамыз біз мың алғыс.

Айару

Бізді баптап қараған,
Күлімдеген жақсы адам.
Ақ төсекке жатқызған,
Басымызды сипаған,
Жаудір апайға көп рахмет.

Данияр

Ойыншықты жинаймыз,
Бөбектерге силаймыз.
Үлкен болып өсекте,
Бақшамызды қимаймыз.

Айсель

Оқимыз білім аламыз,
Болашақ жолын саламыз.
Бақшаменен қоштасып,
Біріншіге барамыз.

Тәрбиеші:

Баларымыз көңілді,
Шақырамыз ортаға.
Тойымызға сән беріп,

Ән салайық тамаша,- деп балаларымызды бақшамен қоштасу әнін айтуға ортаға шақырамыз.

Хор: «Біз бақытты баламыз»

Тәрбиеші: Қарашы, бүгін күн қандай,

Қалайша қаласың нұрланбай?

Вальс билесе түлектер,

Жер шары айналып тұрғандай!

Би: «Қоштасу вальсі»

Ән: Мұратхан Төрежанның орындауында «Өнерге ғашық баламын» әнін қабыл алыңыздар.

Ш.Айбар

Балабақша, балабақша,

Шаңырағы шаттықтың.

Балабақша қорғанышы,

Балғын сәби жастықтың.

Т.Айбар

Оқимыз білім аламыз,

Болашақ жолын саламыз.

Бақшаменен қоштасып,

Біріншіге барамыз.

Бекзат

Қуанамыз силаймыз,

Қуаныштың мың гүлін.

Бақшамызды қимаймыз,

Қоштасатын күн бүгін.

З.Раяна

Мен бақшаға барамын,

Ойнаймын ән саламын.

Тәрбиеші апайлар,

Досы барлық баланың.

Ө.Аяла

Қандай ғажап күн бүгін,

Күміс күлкі жан-жағың.

Күлімдеген бар бала,

Ән айтады шаттана.

Т.Раяна

Балабақша базарлы үй,

Көшедегі ажарлы үй.

Шаттығы бар шуақты,

Өз үйіміз сияқты.

Бекдияр

Балабақша үйіміз,

Сені жақсы көреміз.
Үлкен болып өскенде,
Еске алып жүреміз.

Төрежан

Бұл жерде би билеп, ән саламыз,
Әр түрлі ойын ойнап, жарысамыз.
Бұл жерде жақсылыққа үйренеміз,
Жамандықтан алыстап, жиренеміз.

Тәрбиеші : Ән айтып би де билеп жан салады,

Бұл ұлы мерекеде ән салғанда,
Бүкіл ел шапалақтап қарсы алады.

Ән: Ұстаздарға тарту

Слайд: Балалардың балабақшадағы суреттері көрсетіледі.

Би: «Кукарелла»

Тәрбиеші:

Балаларымыз көңілді
Шақырамыз ортаға
Тойымызға сән беріп
Ән салайық тамаша,- деп ортамызға Айсель мен Аяла қыздарымызды шақырамыз.

Ән: «Балабақшам бақытым»

Келесі кезекте Әліппе биі

Ойын: «Кім жылдам» (Ата-аналармен)

Шарты: Ортаға 4-5 ата-ана шығады. Әр ата-анаға қолдарына шар мен футболка беріледі. Шарды жерге түсірмей үстіне футболканы киіп шығуы тиіс. Кім бірінші футболканы киеді сол ата-ана жеңімпаз болады.

Тәрбиеші:

Алдымдағы балалар,
Мектепке кетіп барады.
Тақпақ айтып тамсанып,
Қимай кетіп барады.
Өзіңізге арнап балалар,
Әдемі ән шырқап береді.

Ән: Зұлпыхар Раянаның орындауында «Бақшамызға мың алғыс» әнін қабыл алыңыздар.

Ән: Тәрбиеші апайларының орындауында «Қимай тұрмын» әнін қабыл алыңыздар.

Бүгінгі той бәрімізге құтты болсын,
Дендеріңіз сау, аман-есен, мықты болсын.
Мектеп есігі әрқашан ашық болып,
Даярлыққа баратын қадамдарыңыз құтты болсын!
Құшақ жайып мерекені қарсы алды,
Қуанышты жарқын тілек білдіріп.

Марапаттау сәті

Тәрбиеші: Осымен біздің ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің жолы ашық болсын. Келгендеріңізге көп рахмет! Сау болыңыздар!





Түркістан облысы
Отырар ауданы
ЖШС «Бибі-Ажар» балабақшасы

«Сыңғырла, алғашқы қоңырау»

Тәрбиешілер: Бейсенбай К
Зұлпыхарқызы А

2023-2024 оқу жылы





Бекітемін:

«Бибі-Ажар» ЖШС бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Д.М. Аманбаева

Күні: 01.09.2023 жыл

Басталу уақыты: 10:00

Тобы: «Ертөстік»

Тақырыбы: «Сыңғырла, алғашқы қоңырау»

Мақсаты: 1-қыркүйек күні –білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер

Жүргізуші: Армысыздар құрметті ата-аналар, ұжымдастар, тәп-тәтті бүлдіршіндер! Бүгінгі күн бәрімізге өте ерекше күн, алғашқы қоңырау соғылып, білімнің жаңа оқу жылы басталды.

Балалар жадыраған жаз да аяқталып, жомарт күз келді. Бүгін күздің алғашқы күні 1-қыркүйек. Бұл ата-аналар үшін де, балалар үшін де, тәрбиеші үшін өте қуанышты күндердің бірі. Жаз бойы демалған оқушылар үлкен сағынышпен мектептеріне оралып жатса, сендер де өз жастарыңа лайықты білім алып, тәрбие алып жүрсіңдер. Білімге талпынған балапандар қанаттарың қатая берсін! Білім күні құтты болсын!

Жүргізуші: Көк тудың желбірегені,

Жаныма қуат береді.

Таласқа түссе жан мен ту,

Жан емес маған керегі.

Көк тудың желбірегені.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ресми түрде енгізілсін. (Туды енгізу рәсімі)

Хор: Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны.

Бұл күн сендер үшін,яғни балалар және біздер үшін,ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады.Осы мерекеге орай ертеңгілігімізді бастайық.

Жүргізуші: -Балалар айтыңдаршы біз қай елде тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы.

Жүргізуші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қала?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы –Астана қаласы.

Жүргізуші: Біздің балабақшамыздың аты қалай аталады?

Балалар: «Бибі-Ажар» балабақшасы

Жүргізуші: Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Жүргізуші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.
Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны,
Білім-ғылым бастауы, мерекелі.
Құтты болсын бүгінгі Білім күні.

Жұлдыз

Тақпағымды жаттаймын,
Сабағымды баптаймын.
Бибі-Ажардай бақшаны ,
Ешбір жерден таппаймын.

Нұртөре

Қоңырау үні сыңғырлап,
Естілді жылы жаныма.
Күлкідей әсем сылдырлап,
Бөбекті жиды жаныма.

Акерке

Мектепке енді барамыз,
Біз оқушы боламыз.
Жақсы оқып сабақты,
Кілең бестік аламыз.

Айсель

Өсті міне бойымыз,
Өсті міне ойымыз.
Қуанышқа ортақпыз,
Құтты болсын тойымыз.

Ән: «Балабақшам арайлым» орындайтын Айару

Би: «Флешмоб»

Ойын: Ғажайып қоржын

Мақсаты: ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттарды ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірін бөлек, ойыншықтарды бөлек жинап алу керек .

Хор: «Балабақша»

Мәншүк

Балабақшам айтар әнім,
Сан рет қайталадым.
Балабақша анамыз,
Оқып білім аламыз.

Данияр

Оқып білім аламыз,
Өнерпаз болып өсетін.
Біз оқушы боламыз,

Соқ, соқ қоңырау.

Төрежан

Балабақша ажарлы үй,
Ауылдағы базарлы үй.
Күлкісі бар шуақты,
Өз үйіміз сияқты.

Азамат

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Айбар

Қиындықтан өтуге,
Армандарға жетуге.
Білім алам ерінбей,
Еліме қызмет етуге.

Би: «Орыс биі »

Ән: «Болашақ бомба» орындайтын

Жүргізуші: Жаңа оқу жылы құт болсын,

Ізгілік оты жағылсын.

Бөбек пен түлек жұп болып,

Алғашқы қоңырау қағылсын- дей келе алғашқы қоңырауды күмбірлете соғу үшін ортаға балабақшамыздан биыл түлеп ұшатын және балабақша табалдырығын алғаш аттағалы отырған бүлдіршініміз _____ ортаға шақырамыз.

Жүргізуші: Назар аударыңыз! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы шығарылсын!

Тәрбиеші: Ал бірінші кыркүйек,
Күнсің ғой сен ең тәуір,
Өйткені ол мереке,
Бірінші күн ерекше.

Ендеше балабақшамыздың меңгерушісі Аманбаева Динара ханымды және балабақшаның құрылтайшысы Бексұлтан Шарипа ханымға сөз кезегін беруге шақырамыз.

Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз,қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен,барлығын үйренеміз.Бүгінгі оқу оқу қызметіне жақсы қатысқандарыңыз үшін көп рахмет.Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын.

Бүгінгі күн сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-нші кыркүйек –білім күніне арналған ертеңгілігіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!





**Түркістан облысы
Отырар ауданы
«Бибі-Ажар» балабақшасы ЖШС**

**Тақырыбы: «Күзгі ханзадасы мен ханшайымы»
атты сайыс**

**Тәрбиешілер: Алтеева И
Зұлпыхарқызы А**

2024-2025 оқу жылы



Күні: 12.11.2024 ж

Сағат: 11:00

Тақырыбы: «Күзгі ханзадасы мен ханшайымы»

Мақсаты: Берекелі күзбен таныстыруды жалғастыру. Алтын күзге жалпы түсінік беру. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдары: Безендірілген зал. Музыка ырғағымен зал.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата-аналармен балалар, Ел байлығын артырған, берекелді күз айыда келді. Күз бізге жемістерімен, көкөністермен егістіктегі астығымен келеді. Бүгінгі «Күз ханзада мен ханшайым» атты сайысымызға қошкелдіңіздер!

Армысыз асыл халқым ақ жүректі,

Баласына арнаған ақ тілекті.

Сыңға түсер достары арасында,

Ер намысты ер жүрек ұлдар кепті.

Жас ұлан ғой ертеңгі ел мақтаны,

Қыран ғой тәңірі көк аспаны.

Арта берсін абырой мен атақ даңқы,

Қарсы алайық құрметпен қыздарымызды.

Ұстанған қазағымның ата –салтын,

Жансын лайым бәрінің жұлдыздары.- дей келе

Ханзада мен Ханшайымдарымызды ортаға шақырайық. Қарсы алыңыздар!

Көпбай Айсель.

Уайс Балназым.

Бекмуханбетова Аруна

Әли Бекнұр.

Бүгінгі сайыстың барысымен таныстырып өтейін.

1- Бөлім: «Тегімді менің сұрасаң...» (өзін таныстырады)

2- Бөлім: «Бар ізгілік тек білімнен алынар» (сұрақ- жауап)

3- Бөлім: «Өнерлі бала- елдің көркі» (өнер сайысы)

4- Бөлім: « Сұлулық сыры» (сән үлгісі)

5- Бөлім: «Балдырғанға сыйлаймын» (қолөнер бұйымдары)

Жүргізуші:

Ақыл-көрік бойларында жетеді.

Әлі талай сынақтардан өтеді.

Мына отырған бараңызды өзімен,

Тез арада таныстырып өтеді- деп сайысымыздың бірінші бөлімі «Тегімді мен сұрасаң...» -деп аталады.

Сайысқа қатысушыларымыз өздерін таныстырып өтеді.

2- бөлім: Күз мезгілінде қанша ай бар?

Күз айларын ата?

Біз қай мемлекетте тұрамыз?

Қазақстан мемлекетінің астанасы қай қала?

3- бөлім: «Өнерлі бала- елдің көркі»

Ал кімнің өнері бар қаншалықты,

Би-билеп, ал біреуі ән салып.

Бүгінгі сайыста бәйге алуға

Сайыскерлер аянбай жан салыпты,- деп өнер сайысына кезек береміз.

4- бөлім: «Сұлулық сыры»

Сымбатына сән киім жарасқан,

Аспанға айменен таласқан.

Өнеріне сай келіп, дайын тұрған,

Қыздарымызбен, ұлдарымызға қызығып қарасатын.

Сіздерге жаңаша сән үлгісін ұсынамыз!

5-Бөлім: «Балдырғанға сыйлаймын» (қолөнер бұйымдары)

Шеберлері өнер тамған қолынан,

Жаңылмаған ата-баба жолынан.

Шебер қолдар өз- өнерінен көрсетсін,

Біз айтайық төрелігін соңынан.

Ата-аналарымен бірге отырып, жасаған қолөнер бұйымдарынан кезек береміз.

Жарайсыздар өнерлеріңіз өрге дөңгелей берсін.

Ал, енді сөз кезегін әдіскерімізге берейік,

«Күзгі ханзада мен ханшайымдарды» шын жүректен құттықтаймыз.

Бүгінгі мерекелік іс –шарамыз аяқталды. Келесі кездескенше күніміз нұрлы болсын.

